

**Атбасар аудандық мәслихатының 2011 жылғы 9 желтоқсандағы № 4С 40/3 "2012 жылға арналған Атбасар ауданының ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Ақмола облысы Атбасар аудандық мәслихатының 2012 жылғы 8 тамыздағы № 5С 8/3 шешімі. Ақмола облысы Атбасар ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 16 тамызда № 1-5-190 тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Ақмола облысы Атбасар аудандық мәслихатының 2014 жылғы 4 қарашадағы № 194 хатымен)

**Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Ақмола облысы Атбасар аудандық мәслихатының 04.11.2014 № 194 хатымен).**

**Р Қ А О е с к е р т п е с і :**

**Мәтінде авторлық орфография мен пунктуация сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Заңына, «Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мөлшерін және ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 18 ақпандағы № 183 қаулысына сәйкес, Атбасар аудандық мәслихаты ШЕШІМ Е Т Т І :

1. Атбасар аудандық мәслихатының «2012 жылға арналған Атбасар ауданының ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы» 2011 жылғы 9 желтоқсандағы № 4С 40/3 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің Тізілімінде № 1-5-174 тіркелген, 2012 жылғы 20 қаңтардағы «Атбасар», «Простор» газеттерінде жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

**тақырыбы жаңа редакцияда баяндалсын:**

**«2012 жылға арналған Атбасар ауданының ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы»;**

1 тармақ жаңа редакцияда баяндалсын:

«Атбасар ауданының ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына 2012 жылға арналған аудан бюджетінде қарастырылған сома көлемінде келесі әлеуметтік қолдау шаралары ұсынылсын:

- 1) жетпіс еселік айлық есептік көрсеткішке тең сомада көтерме жәрдемақы;
- 2) тұрғын үй сатып алу немесе салу үшін әлеуметтік қолдау - бір мың бес жүз еселік айлық есептік көрсеткіштен аспайтын сомада бюджеттік кредит.».

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

<i>сессиясының төрағасы</i>	<i>А у д а н д ы қ</i>	<i>м ә с л и х а т</i>
	<i>Ахметов А.Б.</i>	
<i>мәслихатының хатшысы</i>	<i>А т б а с а р</i>	<i>а у д а н д ы қ</i>
<i>«КЕЛІСІЛДІ»</i>	<i>Борұмбаев Б.А.</i>	
<i>әкімі</i>	<i>А т б а с а р</i>	<i>а у д а н ы н ы ң</i>
	<i>Сағдиев Е.Б.</i>	